

Техникалық қызмет көрсететін және мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарының жұмысын қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы төлеу тәртібі туралы Ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 19 қыркүйек N 1142.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.01.11. N 41 қаулысымен. ~P020041

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Техникалық қызмет көрсететін және мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарының жұмысын қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы төлеу тәртібі туралы қоса беріліп отырған Ереже бекітілсін.

2. Осы қаулы 1996 жылдың 20 тамызынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 19 қыркүйектегі
N 1142 қаулысымен
Бекітілген

Техникалық қызмет көрсететін және мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарының жұмысын қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы төлеу тәртібі туралы

ЕРЕЖЕ

Осы Ереже техникалық қызмет көрсететін және мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарының жұмысын қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметі болып табылмайтын қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы төлеу тәртібін белгілейді.

Техникалық қызмет көрсететін және мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарының жұмысын қамтамасыз ететін және мемлекеттік қызметші болып табылмайтын қызметкерлердің лауазымдық жалақыларына еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарындағы жұмыс стажына қарай төленеді.

1. Еңбек сіңірген жылдарына үстеме ақы алуға құқық беретін
с т а ж д ы е с е п т е у

1. Еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы алуға құқық беретін стажға мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарында жұмыс істеген б а р л ы қ у а қ ы т к і р е д і .

2. Еңбек сіңірген жылдарына үстеме ақы алуға құқық беретін стажға с о н д а й - а қ :

1) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, офицерлік құрамдағы адамдардың, прапорщиктердің, мичмандардың, мерзімсіз қызметтегі әскери қызметшілердің Қарулы Күштерде, ішкі, шекара әскерлерінде, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының азаматтық қорғаныс басқармасы органдары мен бөлімшелерінде, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті мен КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдары жүйесінде, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметінде және Қазақстан Республикалық ұланында міндетті әскери қызметін өткерген уақыты;

2) теріс себептермен қызметтен шығарылған адамдардан басқа, басшы құрамдағы адамдардың ішкі істер органдары жүйесіндегі қызмет өткерген, прокуратура органдарындағы қызмет, Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағында сот аппараттарында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитетінде жұмыс істеген уақыты;

3) Қазақстан Республикасы мен бұрынғы КСР Одағының ішкі істер органдарында, прокуратура органдарында, соттарында, КСРО мемлекеттік қауіпсіздік комитеті органдарында, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары мен Мемлекеттік тергеу комитетінде еңбек сіңірген жылдарына үстеме ақы алу құқығын беретін лауазымдарда жұмыс істеген уақыт;

4) КСРО мемлекеттік банкісі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің жүйесінде жұмыс істеген уақыт;

5) мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарында жұмыс істеген адамдарға бала бір жарым жасқа жеткенге дейінгі баланы күту жөніндегі ішінара ақы төленетін демалыс және бала үш жасқа жеткенге дейінгі баланы күту жөніндегі жалақысы сақталмайтын қосымша демалыс уақыты;

6) шетелге жіберер алдында қызметкер мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарында жұмыс істеген болса және көшу уақытын қоспағанда, шетелден қайтып келген күннен бастап екі айдың ішінде мемлекеттік органға немесе оның аппаратына қызметке тұрса, шетелде жұмыс істеген уақыты;

7) 1992 жылғы 1 қаңтарға дейін Қазақстан Республикасының партия, кәсіподақ және комсомол органдарында жұмыс істеген уақыт;

8) қызметкер курсқа түскенге дейін мемлекеттік органда немесе оның аппаратында жұмыс істеп, оны бітірген соң мемлекеттік органға немесе оның аппаратына оралған жағдайда оның кадрларды даярлау, қайта даярлау және біліктілігін көтеру курстарында мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарының жолдамасымен жұмыстан қол үзіп оқыған уақыты кіреді.

2. Еңбек сіңірген жылдарына үстеме ақыны есептеу мен төлеу т ә р т і б і

3. Осы Ережеге сәйкес еңбек сіңірген жылдарына есептелетін мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарындағы жұмыс стажы күнтізбелік есептеу бойынша есепке алынады.

4. Еңбек сіңірген жылдарына үстеме ақы мемлекеттік органдар мен олардың аппараттарындағы жұмыс стажына қарай ай сайын лауазымдық жалақыға проценттік қатынаста мынадай мөлшерлерде төленеді: үш жыл еңбек сіңіргенде - он, бес жылда - он бес, он жылда - жиырма, он бес жылда - отыз, жиырма жылда - қырық процент.

5. Күнтізбелік ай ішінде еңбек сіңірген жылдарына үстеме ақының мөлшерін көтеру құқығы пайда болған қызметкерлерге бір айлық үстеме ақының жалпы сомасы айдың кезеңдері бойынша тиісті мөлшерде есептелген үстеме ақыларды қосу арқылы айқындалады. Еңбек сіңірген жылдарына үстеме ақы сомасы күнтізбелік ай ішінде лауазымдық жалақысы өзгерген жағдайда да осындай тәртіппен есептеледі.

6. Еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қызметкерге қалдырылатын (демалыс, мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттерді орындау кезінде, еңбекке уақытша жарамсыз болған кезеңде, мемлекеттік зейнетақы тағайындағанда және басқаларында) орташа жалақыны есептен шығарғанда ескеріледі.

7. Еңбек сіңірген жылдарына проценттік үстеме ақы төлеу үшін жұмыс

стажын Еңбек стажын белгілеу комиссиясы айқындайды, оның құрамын тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітеді.

Комиссияның жұмыс стажын белгілеу жөніндегі шешімі хаттамамен ресімделеді. Шешімнің көшірмесі екі данада жасалып, бір нұсқасы кадр бөліміне, екіншісі бухгалтерияға беріледі.

8. Жұмыс стажын белгілеу үшін негізгі құжат еңбек кітапшасы немесе қызметтік тізім болып табылады. Еңбек кітапшасы, қызметтік тізім болмағанда, сондай-ақ жұмыс кезеңдері туралы тиісті жазба жоқ болса немесе қате не бұрыс жазылған жағдайда, еңбек стажын растау

үшін жұмыс кезеңдері туралы мәліметтері бар анықтамалар, бұйрық көшірмелері, есепшоттар мен еңбекақы төлеу ведомостары және өзге де құжаттар қабылданады. Еңбек сіңірген жылдарына үстеме ақы алуға құқық беретін стажды куәлардың көрсетуімен растау заңдарда белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 19 қыркүйектегі
N 1142 қаулысымен
Бекітілген
Ережеге
қосымша

Техникалық қызмет көрсететін және жұмыс істеуін
қамтамасыз ететін қызметкерлеріне еңбек сіңірген жылдары үшін
үстеме ақы алуға құқық берілетін Қазақстан Республикасы
мемлекеттік органдарының
ТІЗБЕСІ

Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі

Парламенттің, Үкіметтің, Жоғарғы Сотының, Қазақстан
Республикасының басқа соттарының, Конституциялық Кеңестің,
Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының аппараттары

Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағыныстағы және
есеп беретін Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары

Министрліктер, мемлекеттік комитеттер және Қазақстан
Республикасы Үкіметінің құрамына кірмейтін басқа да орталық
атқарушы органдар

Жергілікті өкілді және атқарушы органдар мен олардың құрылымдық
бөлімшелері

Қазақстан Республикасының Елшіліктері